

Түпқараған ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 6 мамырдағы № 196 "Халықтың жұмыспен қамтылуына ықпалдасудың қосымша шаралары туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Түпқараған ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 05 ақпандағы № 23 Қаулысы. Түпқараған ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 25 ақпанда № 11-6-114 тіркелді. Күші жойылды - Түпқараған аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 02 шілдедегі № 463 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түпқараған аудандық әкімдігінің 2012.07.02 № 463 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабы мен 7 бабы 6 тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Түпқараған ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 6 мамырдағы № 196 (аудандық әділет басқармасында 2009 жылғы 18 маусымда № 11-6-94 мемлекеттік тіркелген , аудандық «Ақкетік арайы» газетінің 2009 жылдың 08 шілдедегі № 42 санында жарияланған) «Халықтың жұмыспен қамтылуына ықпалдасудың қосымша шаралары туралы» қаулысына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

Қаулы қосымшасының 16 қатарындағы «Е.Өмірбаев атындағы орта мектебі» мемлекеттік мекемесі» сөздері «Каспий коммуналдық қызметі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны» сөздерімен;

19-қатарындағы «Таушық ауылшаруашылығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестік» сөздері «Түпқараған су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны» сөздерімен;

20-қатарындағы «Жеке кәсіпкер А.Медиманованың «Өркен» тігін шеберханасы» сөздері «Түпқараған» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің еншілес кәсіпорыны» сөздерімен;

21-қатарындағы «Ақшұқыр газсервис» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны» сөздері «Сага Аташ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі» сөздерімен; «15000 (он бес мың)» сандары және сөздері «20000 жиырма мың» сандары және сөздерімен, қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес өзгертілсін.

2. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімінің орынбасары О.Б.Жарылғаповаға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Трұмов

« К Е Л І С І Л Д І » :

С . Қ . Қ а н и

«Түпқараған аудандық экономика және қаржы
бөлімі» ММ бастығы

«05» ақпан 2010 жыл

А . Б . Қ а з и е в а

«Түпқараған аудандық жұмыспен қамту және
әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ бастығы

«05» ақпан 2010 жыл

Түпқараған ауданы әкімдігінің
2010 жылғы «05» ақпандағы
№ 10 қаулысына 1 қосымша

2010 жылға арналған жастар іс-тәжірибесін ұйымдастыратын мекемелер мен кәсіпорындар тізбесі мен еңбекақы мөлшері

№	Кәсіпорындар атауы	Жұмыс түрлері және көлемі	Жұмыс мерзімі	Еңбекақы мөлшері
1	«Түпқараған ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
2	«Таушық селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
3	«Қызылөзен селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
4	«Ақшұқыр селосы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
5	«Баутин поселкесі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
6	«Түпқараған аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
7	«Түпқараған аудандық сәулет, қала құрылысы және құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
8	«Түпқараған аудандық білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
9	«Түпқараған аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге

10	«Түпқараған орталық аудандық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
11	Маңғыстау облысының халыққа қызмет көрсету орталығының Түпқараған ауданы бойынша филиалы	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
12	«Ж.Мыңбаев атындағы орта мектебі» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
13	«Шахта орта мектебі» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
14	«З. Баймырзаев атындағы орта мектебі» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
15	«М.Әбдіхалықов атындағы орта мектебі» мемлекеттік мекемесі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
16	«Каспий коммуналдық қызметі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
17	«Айгул» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
18	«Ақбота» бала бақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
19	«Түпқараған су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
20	«Түпқараған» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің еншілес кәсіпорыны	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге
21	«Сага Аташ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Келісім-шартқа сәйкес	Келісім-шартқа сәйкес	20 000 (жиырма мың) теңге